

ТӘУЕЛСІЗДІК ЖОЛЫНДАҒЫ ТҰҢҒЫШ ҚАДАМ

Аудан әкімі Маманбаев Ғалымжан Қанатұлының мерекелік құттықтауы



2022 жылдың 16 шілдесінде Ұлттық құрылтайда мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев ұлттық мереке мәртебесін Республика күніне қайтаруды ұсынды. Осылайша 2 жылдан бері елімізде Республика күні араға ондаған жылдар салып қайтадан салтанатты түрде аталып өтіп, көпшілік мерекеге айналды. Алғаш рет Республика күні мемлекеттік мереке болып 1995 жылы қазанда жарияланды. Негізінде 25 қазан Республика күні болып кездейсоқ таңдалған жоқ. Осыдан 34 жыл бұрын 1990 жылы қазан айының 25-і күні Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің шешімімен «Қаз КСР-нің мемлекеттік егемендігі туралы» декларация қабылданды. Осылайша Қазақстанның егемендігі және территориясының тұтастығы саяси, құқықтық және экономикалық тұрғыдан бекітілді. Егемен ел тарихының жаңа кезеңі басталған айшықты күн қазіргі таңда айрықша атап өтіледі.

Сөзсіз бұл еліміздің егемен атануындағы, тәуелсіздік жолындағы тарихи құжаты, тұңғыш қадамы болатын. Мемлекетіміздің тәуелсіздігі шынымен де осы күннен басталады. Аталмыш Декларация Қазақстанның мемлекеттілік негізін қалаған алғашқы заңдық құжаты болып табылады.

Құрметті жерлестер! Баршаңызды осындай айтулы мерекемен шын жүректен құттықтай отырып, толайым табыс, отбасыларыңызға амандық, дендеріңізге саулық тілеймін! Еліміз аман, жеріміз бүтін, заманымыз тыныш болсын!



SARQAN

Ауданның қоғамдық-саяси апталық газеті

Газет 1933 жылғы мамырдан шығады

• www.sarkan-gazeta.kz

• e-mail: Igiman01@mail.ru

• №43 (9596) 25 қазан 2024 ж.

● Акция



МЕНІҢ ТУЫМ – МЕНІҢ ЕЛІМ!

Республика күніне орай «Жастар Рухы» Жастар қанаты Жетісу облыстық филиалы «Менің туым – менің елім!» атты патриоттық акциясын ұйымдастырды.

Шара облыс көлемінде тұрғындардың мемлекеттік рәміздерге деген құрметін арттыру, өскелең ұрпақтың патриоттық сезімін жаңғырту мақсатында өтті. «AMANAT» партиясы депутаттары және қоғамдық пікір көшбасшылары қатысқан акция аясында қаламыздың тұрғын үйлеріне мемлекеттік ту ілінді.

Республика күні — Қазақстанның мемлекеттік мерекесі, оны 25 қазан күні атап өтеді. 1990 жылы осы күні Қазақстан Республикасының мемлекеттік егемендігі туралы декларация қабылданды. Бұл күн елдің тәуелсіздігі мен мемлекеттілігінің негізін қалаған маңызды оқиға болып саналады. Мереке барысында халық түрлі шаралар өткізеді, патриоттық іс-шаралар ұйымдастырылады. Қазақстандықтар үшін бұл күн үлкен мағынаға ие.

“Жетісу-Ақпарат”.

Егемендігіміздің қайнар бұлағы

Кейінгі он шақты жылда Республика күні қоғамнан шет қалғаны рас. Бір жылдары оны тіпті атамай да кеттік. Бірақ осыдан екі жыл бұрын Ұлттық құрылтайда Президент Қасым-Жомарт Тоқаев бұл тарихи күнді қайтадан ұлттық мереке дәрежесіне көтеріп, жоғарғы деңгейде атап өту керек дегеннен кейін қайта жаңғырды. Біле білсек 25 қазан - Тәуелсіздіктің бастау алған күні. Өйткені декларацияда айтылған мәселелерді қарап отырсақ, 1991 жылы 16 желтоқсанда қабылдаған Тәуелсіздік туралы заңның бастамасы, сондағы айтқан ойлар, тұжырымдамалар декларацияда да айтылған. Декларация бұл ресми, заңды құжат болған жоқ. Бірақ алғаш қоғамды серпілтіп, еңсесін көтерген құжаттың маңызы өте зор. Біз көбіне-көп белгілі бір мерекені сол күні ғана атап өтеміз де, қалған уақытта көп еске ала бермейміз. Республика күнінен басталған үлкен жетістікті үнемі айтып отыру керек. Халықтың, ең бірінші жастардың санасына кіруі керек. Ресми іс-шаралардан бөлек күнделікті тіршілікте отбасынан бастап, қоғамдық орындарда, білім ошақтарында айтылатын негізгі ой осы Тәуелсіздіктің маңызы, оның рөлі болуы тиіс. Оның негізі Республика күнінен бастау алады. Егер мұны жастардың, келешек ұрпақтың санасына сіңіре алсақ, бұл шын мәнінде ұлттық болмыстың жаңғыруы болар еді.

Бүгінде Республика күні мерекесінің сипаты өзгеріп, елдегі демократияландыру үдерісін дамытуға бағытталғаны, "адамның егемендігі", оның әл-ауқаты мен өзі өмір сүріп отырған ортаға деген адалдығы күн тәртібіне шығып отыр. Қазіргі уақытта осы идея президентіміз ұсынған "Халық үніне құлақ асатын мемлекет" тұжырымдарымен үндеседі. Адам жетістігі тұтас еліміздің табысты болуына жол ашатындығы үнемі басымдығымыз болуы маңызды.

Бүгінгі тәуелсіз елде өмір сүріп жатқан ұрпақ – бақытты ұрпақ. Қай ел, қай халық болсын, оның ең басты арманы – тәуелсіздікке жету. Қазір дүниеде ұлтарақтай жерге, егемен елге зар болып отырған көптеген халық бар. Олардың жанында дербес мемлекеті бар біз – маңдайының бағы бес елі бақытты ұлтпыз.

Күлшарбан ҚАЛИЕВА,
облыстық Аналар кеңесінің мүшесі, Сарқан ауданының Аналар кеңесінің төрағасы, Сарқан ауданының Құрметті азаматы, Ана-медиатор.

«JETISU CUP – 2024» жеңімпаздары анықталды

Республика күніне орай ұйымдастырылған, футболдан өнер және медиа командалары арасындағы «JETISU CUP – 2024» республикалық турнирі мәресіне жетті. Екі күнге созылған жарыста қатысушылар өз шеберліктерін көрсетіп, көрермендерге толы зал нағыз спорттық тартыстардың куәсі болды.

Турнирге Қазақстанның әр өңірінен іріктелген 7 үздік команда қатысып, өзара бақ сынасты. 1-орынды Астана қаласының «Aibag» командасы, 2-орынды Алматы қаласынан келген «Levsha» командасы, 3-орынды «Jaidarman» Астана қаласы және «Jebe» Талдықорған

қаласы иеленді.

Турнир барысында үздік ойыншылар арнайы номинациялармен марапатталды: Үздік қақпашы – Өзім Өзімов. Үздік қорғаушы – Беріков Данабек. Үздік ойыншы – Тима Левша. Үздік бомбардир – Еркебұлан Мұсабек

Бұл турнир тек спорттық сайыс қана емес, жастардың спортқа деген қызығушылығын арттыру, салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында ұйымдастырылды. Сонымен қатар, ол әр өңірден келген командалар арасындағы достық қарым-қатынасты нығайтуға үлкен септігін тигізді.



ЖОБА

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ШЕШІМІ

Сарқан аудандық мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы «Сарқан ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» № 16-64 шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарқан аудандық мәслихатының 2023 жылғы 8 желтоқсандағы «Сарқан ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларын бекіту туралы» № 16-64 шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізімінде № 189842 болып тіркелген) келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген шешіммен бекітілген Сарқан ауданының әлеуметтік көмек көрсетудің, оның мөлшерлерін белгілеудің және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындаудың қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Осы Қағидаларда пайдаланылатын негізгі терминдер мен ұғымдар:

1) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы) (бұдан әрі - мемлекеттік корпорация) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету, мемлекеттік қызметтер көрсетуге өтініштерді қабылдау және олардың нәтижелерін көрсетілетін қызметті алушыға беру жөніндегі жұмысты «бір терезе» қағидаты бойынша ұйымдастыру, мемлекеттік қызметтерді электрондық нысанда көрсетуді қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша құрылған заңды тұлға;

2) арнайы комиссия – мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек алуға үміткер адамның (отбасының) өтінішін қарау бойынша республикалық маңызы бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала) Сарқан ауданының әкімінің шешімімен құрылатын комиссия;

3) әлеуметтік көмек – жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – ЖАО) мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына (бұдан әрі – алушылар), сондай-ақ атаулы күндер мен мереке күндеріне орай ақшалай немесе заттай нысанда көрсететін көмек;

4) әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган – республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, қаладағы ауданның, аудандық маңызы бар Сарқан ауданының әлеуметтік көмек көрсетуді жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органы;

5) әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйым – екінші деңгейдегі банктер, банк операцияларының тиісті түрлеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын реттеу, бақылау және қадағалау жөніндегі уәкілетті органның лицензиясы бар ұйымдар, «Қазпошта» акционерлік қоғамының аумақтық бөлімшелері;

6) ең төмен күнкөріс деңгейі – «Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросының Жетісу облысы бойынша департаменті» республикалық мемлекеттік мекемесі есептейтін шамасы бойынша ең төменгі тұтыну себетінің құнына тең, бір адамға шаққандағы ең төмен ақшалай кіріс;

7) жан басына шаққандағы орташа кіріс – отбасының бір айдағы жиынтық кірісінің отбасының әрбір мүшесіне тура келетін үлесі;

8) мереке күндері – Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мереке күндері;

9) мерекелік күндер (бұдан әрі – атаулы күндер) – Қазақстан Республикасының көсіптік және өзге де мерекелері;

10) уәкілетті мемлекеттік орган – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес халықты әлеуметтік қорғау саласындағы басшылықты және салааралық үйлестіруді, Мемлекеттік әлеуметтік сақтандыру қорының қызметін реттеуді, бақылау функцияларын жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

11) учаскелік комиссия – атаулы әлеуметтік көмек алуға өтініш жасаған тұлғалардың (отбасылардың) материалдық жағдайын зерттеп-қарау үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктер әкімдерінің шешімімен құрылатын арнаулы комиссия;

12) шекті мөлшер – әлеуметтік көмектің бекітілген ең жоғары мөлшері;

13) цифрлық құжаттар сервисі – «электрондық үкімет» ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылымының операторға бекітіп берілген және ақпараттандыру объектілерінен алынған мәліметтер негізінде қалыптастырылған электрондық түрдегі құжаттарды көрсетуге және пайдалануға арналған объектісі;

14) «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, барлық шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік және өзге де қызметтерге қол жеткізудің «ортақ терезесі» дегенді білдіретін ақпараттандыру объектісі;

15) электрондық цифрлық қолтаңба (бұдан әрі – ЭЦҚ) – электрондық цифрлық қолтаңба құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың анықтығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық нысандар жиынтығы.»;

6-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«6. Азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу үшін мыналар негіз болады:

1) дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі;

2) өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келуі;

3) әлеуметтік маңызы бар аурудың болуы;

4) жергілікті өкілді органдар ең төмен күнкөріс деңгейіне еселік қатынаста белгілеген шектен аспайтын жан басына шаққандағы орташа табыстың болуы;

5) жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмауы;

6) жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмауы;

7) бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы, пробация қызметінің есебінде болуы.

Дүлей апат немесе өрт салдарынан мүлкіне залал келген болса, әлеуметтік көмек залал келген мүлік орналасқан жер бойынша меншік иесінің тіркелген жеріне қарамастан көрсетіледі.

Әлеуметтік көмек көрсету және (немесе) адамның (отбасының) материалдық-тұрмыстық жағдайын зерттеп-қарау үшін жоғарыда көрсетілген негіздер бойынша көмек түрлерінің тізбесін жергілікті өкілді органдар бекітеді.

Арнайы комиссиялар әлеуметтік көмек көрсету қажеттігі туралы қорытынды шығарған кезде жергілікті өкілді органдар бекіткен азаматтарды мұқтаждар санатына жатқызу негіздерінің тізбесін басшылыққа алады.»;

7-тармақтың 11) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«11) мүгедектігі бар балалардың заңды өкілдеріне және бірінші топтағы мүгедектігі бар адамдармен еріп жүретін адамдарға санаторийлік-курорттық емдеуге жан басына шаққандағы орташа табысы есепке алынбай, бір рет санаторийлік-курорттық емдеу құнын өтеу ретінде ұсынылатын кепілдік берілген соманың 70 (жетпіс) пайызы мөлшерінде;»;

10, 11 және 12-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«10. Мереке күндері мен атаулы күндерге орай әлеуметтік көмек алушылардың өтініштері талап етілмей көрсетіледі.

Әлеуметтік көмекті алушылардың санаттарына ЖАО айқындайды.

Әлеуметтік көмекті алушылардың тізімдері мемлекеттік корпорацияға не өзге ұйымдарға сұрау салу негізінде не уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелерінен электрондық түрде қалыптастырылады.

11. Мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына берілетін әлеуметтік көмекті алу үшін өтініш беруші өзінің немесе отбасының атынан (немесе өкілі, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 167-бабына сәйкес берілген сенімхат бойынша) жергілікті әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкіміне немесе мемлекеттік корпорацияға Үлгілік қағидаларына 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтінішпен немесе Үлгілік қағидаларына 1-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша порталға электрондық түрдегі өтінішпен жүгінеді.

Жазбаша өтініш берген кезде құжаттарды қабылдайтын маман «электрондық үкімет» шлюзі арқылы мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың тиісті ақпараттық жүйелеріне (бұдан әрі – АЖ) Үлгілік қағидаларына 1-2-қосымшаға сәйкес нысанда сұрау салу қалыптастырады.

АЖ-да мәліметтер сәйкес келмеген (болмаған) кезде өтініш беруші өтінішке мынадай құжаттарды қоса береді:

1) жеке басын куәландыратын құжат не цифрлық құжаттар сервисінен алынған электрондық құжат (жеке басы сәйкестендіру үшін);

2) адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер (адамның (отбасы мүшелерінің) табысына қарамай тағайындалатын әлеуметтік көмекті алу үшін адамның (отбасы мүшелерінің) табысы туралы мәліметтер ұсынылмайды);

3) мұқтаждар санатына жатқызу негіздерінің болу фактісін растайтын төменде көрсетілген құжаттардың бірі:

дүлей апат салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжат;

өрт салдарынан азаматқа (отбасына) не оның мүлкіне зиян келу фактісін растайтын құжат;

әлеуметтік маңызы бар аурудың болу фактісін растайтын құжат;

жетімдік, ата-ана қамқорлығының болмау фактісін растайтын құжат;

жасының егде тартуына байланысты өзіне-өзі күтім жасай алмау фактісін растайтын құжат;

бас бостандығынан айыру орындарынан босатылуы, пробация қызметінің есебінде болу фактісін растайтын құжат.

Салыстырып тексеру үшін құжаттардың төлнұсқалары және көшірмелері ұсынылады. Салыстырып тексерілгеннен кейін құжаттардың төлнұсқасы өтініш берушіге қайтарылады.

Өтініш беруші толық емес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде Үлгілік қағидаларына 1-3-қосымшаға сәйкес

нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш қабылдаудан бас тарту туралы қолхат беріледі.

Өтініш беруші әлеуметтік көмекке портал арқылы электрондық түрде жүгінген кезде мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-на қажетті мәліметтерді алу үшін өтініш берушінің өзі сұрау салады.

Бұл ретте мемлекеттік органдардың және (немесе) ұйымдардың АЖ-нан келіп түскен электрондық өтініш пен мәліметтерді өтініш беруші өзінің ЭЦҚ-мен куәландырады.

12. Өтініштерді, оның ішінде электрондық өтініштерді әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган түскен жұмыс күні ішінде, ал жұмыс күнінен тыс келіп түскен жағдайда – өтініш түскен күннен кейінгі бірінші жұмыс күні тіркеледі.

Қағидалардың 6-тармағы 1), 2) және 4) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарына әлеуметтік көмек көрсетуге өтініш түскен кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімі өтініш берушінің құжаттарын тұлғаның (отбасының) материалдық жағдайын зерттеп-қарау үшін 1 (бір) жұмыс күні ішінде учаскелік комиссияға жібереді.»;

18, 19, 20, 21 және 22-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«18. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушінің әлеуметтік көмек алуға қажетті құжаттары тіркелген күннен бастап 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде қабылданған құжаттар мен арнайы комиссияның әлеуметтік көмек көрсету қажеттігі туралы қорытындысы негізінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Қағидалардың 14 және 15-тармақтарында көрсетілген жағдайларда әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушіден немесе кент, ауыл, ауылдық округ әкімінен құжаттарды қабылдаған күннен бастап 20 (жиырма) жұмыс күні ішінде әлеуметтік көмек көрсету не көрсетуден бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Әлеуметтік көмек көрсетуден бас тарту негіздері анықталған кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган шешім қабылдағанға дейін кемінде үш жұмыс күні бұрын өтініш берушіні бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ алдын ала шешім бойынша ұстанымды білдіруге мүмкіндік беру үшін тыңдау өткізілетіні туралы хабардар етеді.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган тыңдаудың уақыты мен күнін белгілейді, ол:

өтініш берушіні бейнеконференц-байланыс немесе өзге де коммуникация құралдары арқылы тыңдауға шақыру;

ақпараттық жүйелерді пайдалану; өтініш берушіге өзінің ұстанымын баяндауға мүмкіндік беретін өзге де байланыс тәсілдері арқылы жүзеге асырады.

Өтініш беруші әкімшілік істі алған күннен бастап екі жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде алдын ала шешімге қарсылығын білдіруге немесе айтуға құқылы.

Өтініш беруші өз қарсылығын ауызша білдірген жағдайда әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган, лауазымды тұлға тыңдау хаттамасын жүргізеді.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган, лауазымды тұлға өтініш берушінің тыңдау хаттамасымен танысуға мүмкіндігімен қамтамасыз етуге міндетті.

Өтініш беруші танысқаннан кейін үш жұмыс күні ішінде тыңдау хаттамасына өз ескертулерін беруге құқылы.

Ескертулерді қабу нәтижелері бойынша әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган Үлгілік қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы шешім қабылдайды.

19. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган өтініш берушіге Үлгілік қағидаларына 5-қосымшаға (бас тартқан жағдайда – Үлгілік қағидаларына 6-қосымшаға) сәйкес әлеуметтік көмек көрсету туралы қабылданған шешім туралы хабарлама жолдайды.

Егер әлеуметтік көмек көрсетуге өтініште мобильді азаматтар базасында тіркелген ұялы телефон нөмірі көрсетілсе, әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарлама өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу арқылы автоматты режимде жолданады.

Өтініш берушінің ұялы телефонына sms-хабарлама жіберу мүмкіндігі болмаса, әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган немесе мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарламаны басып шығарады және оны өтініш беруші өзі келген кезде береді.

Өтініш портал арқылы берілген болса, әлеуметтік көмек көрсету (көрсетуден бас тарту) туралы хабарлама шешім қабылданған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде өтініш берушінің жеке кабинетіне портал арқылы автоматты режимде жіберіледі.

20. Мынадай:

1) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

2) адамның (отбасының) материалдық жағдайына тексеру жүргізуден өтініш беруші бас тартқан, жалтарған;

3) адамның (отбасының) жан басына шаққандағы орташа табысы әлеуметтік көмек көрсету үшін жергілікті өкілді органдар белгілеген шектен артық болған;

4) уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйесінен әлеуметтік көмек тағайындау, осы негіз бойынша төлемді

жүзеге асыруға өтініш беру фактісін растайтын мәліметтер алынған жағдайларда әлеуметтік көмек көрсетуден бас тартылады.

21. Әлеуметтік көмек көрсетуге жұмсалатын шығыстарды қаржыландыру республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданының (облыстық маңызы бар қаланың) Сарқан ауданының бюджетінде көзделген, ағымдағы қаржы жылына арналған қаражат шегінде жүзеге асырылады.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек көрсету сомаларын аударады.

Мемлекеттік корпорация әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органдан алынған әлеуметтік көмек сомаларын әлеуметтік көмек алушылардың банктік шоттарына аударады.

22. Мынадай:

1) алушы қайтыс болған;

2) алушы тұрақты тұру үшін тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктен тыс кеткен;

3) алушы мемлекеттік медициналық-әлеуметтік мекемелерге тұруға жіберілген;

4) өтініш беруші ұсынған мәліметтердің дәйексіздігі анықталған;

5) әлеуметтік көмек көрсетуге негіз болмай қалғаны туралы мәліметтер анықталған жағдайларда әлеуметтік көмек көрсету тоқтатылады.

Осы тармақтың 3) тармақшасы Қағидалардың 6-тармағының 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша тағайындалған әлеуметтік көмекті төлеуге қолданылмайды.

Осы тармақтың 1)-3) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмек төлеу көрсетілген мән-жайлар басталғаннан кейінгі айдан бастап тоқтатылады.

Осы тармақтың 4) және 5) тармақшаларында көрсетілген негіздер бойынша әлеуметтік көмекті төлеу көрсетілген мән-жайлар басталған күннен бастап тоқтатылады.»;

Мынадай мазмұндағы 25, 26, 27, 28, 29, 30, 31 және 32-тармақтармен толықтырылсын:

«25. Атаулы күндер мен мереке күндеріне төленетін әлеуметтік көмек алушылардың санаттарын қалыптастыру үшін әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган зейнетақы мен жәрдемақы алатын белсенді азаматтардың мәліметтерін алуға уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелеріне сұрау салуға бастама жасайды.

Зейнетақы мен әлеуметтік көмек көрсету жәрдемақысын алушылар жөніндегі мәліметтер Үлгілік қағидаларына 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қалыптастырылады.

26. Әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім қабылдаған кезде уәкілетті мемлекеттік органның ақпараттық жүйелері арқылы әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмекті мемлекеттік корпорация арқылы төлеу процесіне бастама жасайды.

27. Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган қабылдаған әлеуметтік көмек көрсету туралы шешім негізінде мемлекеттік корпорация:

біржолғы төлемдер бойынша – күн сайын; ай сайынғы және тоқсан сайынғы төлемдер бойынша – төлем жасалатын айға дейінгі айдың 29-ы күніне әлеуметтік көмек төлеуге бюджет қаражатына сұраныс қалыптастырады.

28. Сұраныс қалыптастырылғаннан кейін мемлекеттік корпорация келесі жұмыс күнінен кешіктірмей әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтініш жібереді.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтініш түскен күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде мемлекеттік корпорацияға әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінімді көзделген сома шегінде ақшалай қаражат аударады.

Әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган төлем жасалатын айға дейінгі айдың 27-сі күнінен кейін түскен өтінімдер бойынша мемлекеттік корпорацияға төлем жасалатын айдың 1-іне дейін әлеуметтік көмек төлеуге сұраныс сомасы туралы өтінімді көзделген сома шегінде ақшалай қаражат аударады.

29. Мемлекеттік корпорация трансфертер түскеннен кейін екі жұмыс күні ішінде төлем кестесіне сәйкес төлем тапсырмаларын қалыптастырады және алушылардың банктік шоттарына төлеуді жүзеге асырады.

30. Әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымнан әлеуметтік көмек сомасы қайтарылған кезде әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган әлеуметтік көмек төлеу жөніндегі уәкілетті ұйымнан мәліметтер алғаннан кейінгі үш жұмыс күні ішінде ақпараттық жүйеге тиісті өзгерістер енгізеді.

31. Мемлекеттік корпорацияның ағымдағы айдың соңғы жұмыс күнінен кешіктірмей мемлекеттік корпорацияның шотына түскен әлеуметтік көмектің артық есептелген (төленген) сомаларын әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті органға аударады.

32. Әлеуметтік көмек төлеуге байланысты банктік қызметтерге ақы төлеу мемлекеттік корпорация мен әлеуметтік көмек көрсету жөніндегі уәкілетті орган арасында жасалатын шарт негізінде жергілікті бюджеттер қаражаты есебінен жүзеге асырылады.».

2. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Сарқан аудандық мәслихатының төрағасы М. Разбеков

ҚОР ЖЕТКІЗУШІЛЕРДІҢ МЕДИЦИНАЛЫҚ КӨМЕКТІ КӨРСЕТУ ҚҰҚЫҒЫН ТЕКСЕРЕДІ

Медициналық көмек көрсетуге үміткер медициналық ұйымдардың базасын жаңарту сатып алу науқаны басталғанға дейін жүргізіледі. Жыл сайын 1 қазаннан 31 қазанға дейін Қордың базасына жеткізуші ретінде енген денсаулық сақтау субъектілері веб-портал арқылы базадағы ақпараттарды жаңарту үшін өтінім береді.

Биыл Қор мамандары алғаш рет медициналық ұйымдардың деректер базасын жаңарту аясында медициналық ұйымдарды тексеруге кірісті. Алғашқы кезеңде облыс орталықтарында орналасқан медициналық нысандар тексеріледі.

Қор сарапшылары жұмыс барысында медициналық қызмет жеткізушілерінің өндірістік базаларын тексереді, олардың ішінде:

- медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға арналған лицензиялар;

- халықтың санитарлық-эпидемиологиялық әл-ауқатын қамтамасыз ету саласындағы рұқсат құжаттары;



- ионды сәулелену шығаратын құралдар мен құрылғылармен жұмыс істеуге лицензиялар (қажет болған жағдайда);

- есірткі құралдары, психотроптық заттар мен прекурсорларды айналымға енгізу саласындағы қызметті жүзеге асыруға лицензиялар (қажет болған жағдайда);

- медициналық қызмет түрлері бойынша лицензияға қосымшалар, сондай-ақ қажетті инфрақұрылымның (қарау кабинеті, екпе кабинеті және т.б.) болуы;

- қызмет көрсету үшін қажетті жабдықтардың болуы, стационардағы төсектердің санының денсаулық сақтау басқармасының бұйрығына және санитарлық-эпидемиологиялық қызмет қорытындысына сәйкестігі;

- дәріханалар мен есірткі заттарын сақтау бөлмелері нормативтік құқықтық акт талаптарына сәйкес болуы.

Медициналық көмек көрсету түрлері немесе шарттары бойынша базалық деректерді қосу немесе жаңарту үшін өтініш берген медициналық ұйымдарды тексеру нәтижесінде Қор деректерді жаңартады, ал сәйкессіздіктер анықталған жағдайда, жеткізушіге бұзушылықтарды көрсететін қорытынды жібереді.

Медициналық ұйымдар өз кезегінде бұзушылықтарды жоюға құқылы және деректер базасын жаңарту үшін өтінішті қайтадан береді. Анықталған бұзушылықтар бойынша материалдар медициналық қызмет көрсету саласындағы мемлекеттік органға әкімшілік шаралар қабылдау үшін жіберіледі.

«Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры» КЕАҚ Жетісу облысы бойынша филиалы.

Тополевка орманшылығындағы Қызыл кітапқа енген жануарлар



Қызыл кітап — халықаралық табиғат қорғау одағының «Қызыл кітап» — халықаралық дәрежедегі құжаттардың бірі. Қызыл кітапқа сирек кездесетін, жылдан жылға азайып не жойылып бара жатқан, сондықтан да айрықша қорғауды қажет ететін жануарлар мен өсімдіктердің түрлері тіркеледі. Жануарларды халықаралық дәрежеде қорғау мәселесі 20 ғасырдың бас кезінде қолға алынды.

Ал Қазақстанның Қызыл кітабында сирек және жойылып бара жатқан түрлердің тізіміне енгізілген жабайы омыртқалылардың 87 түрінің және өсімдіктердің 303 түрінің қазіргі таралуы, санының жай-күйі, биологиясы туралы мәліметтер келтірілген. Олардың көбісі қазір жақсы, өз деңгейінде сақталып, бірегейлі нәтижесін көрсетуде. Бұның барлығы сөзсіз мемлекеттің қолдауы және орманшылардың қамқорлығының, ерен еңбегінің арқасы деуге толық негіз бар. Осы орайда «Жоңғар-Алатауы» МҰТП-ға қарасты Тополевка орманшылығында да Қызыл кітапқа енген бірқатар жан-жануарлар мен құстар тіршілік ететінін айта кеткіміз келеді. Атап айтсақ Түркістан сілеусіні, барыс, тянь-шань қоңыр аюы, тас сусары, сабаншы. Ал құстардан қара дегелек, бүркіт, құмай, үкі және т.б. Қазіргі таңда біздің орманшылар тарапынан аталмыш аңдар мен құстардың нақты тізімі жасалып, оларды қорғауға, өсімін молайтуға бағытталған жүйелі жұмыстар атқарылуда.

Сондай-ақ Қызыл кітапта ерекше қорғалатын өсімдік мен жануар атауы ғана емес, сонымен қатар олардың қазіргі саны мен жағдайы да көрсетілгендігін айта кеткіміз келеді. Қызыл кітап та халықаралық, ұлттық немесе аудандық болып бөлінеді. Әр елдің өз «Қызыл кітабы» бар. Кей мемлекетте бұл кітап заң құжаты түрінде қолданылады, яғни онда жазылған жануар мен өсімдікті бүлдірсе, қылмыскердің қалай жазаланатыны да бекітілген. Сондықтан Қызыл кітапқа енген жануарлар мен өсімдіктер ерекше қорғалуы керек.

Қызыл кітапқа енген жануарлар әрдайым өз деңгейінде сақталып, қорғауға алынады. Бүгінгі күні біздің, Тополевка орманшылығының қызметкерлері осы бағытта көптеген шаруалар атқаруда. Бір сөзбен айтқанда болашақта осы кітапқа барынша жануарлар мен құстарды, өсімдіктерді енгізбеу жолында қажырлы еңбек етудеміз дегім келеді!

Б.ШАРИПОВА,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

Жанат АҚЖОЛОВ,

Тополевка орманшылығының мемлекеттік инспекторы.

62 АЗАМАТТЫҢ БҰЗЫЛҒАН ҚҰҚЫҚТАРЫ ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛДІ

Білім саласында мемлекеттік қызметтерді заңнама талаптарына сәйкес көрсетілмеу себебінен 62 азаматтың бұзылған құқықтары қалпына келтірілді.

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаменті (бұдан әрі - Департамент) мемлекеттік қызметтер көрсету барысында заңдылықтың сақталуын қамтамасыз ету мақсатында 2024 жылдың қазан айында облыс көлемінде орналасқан мектептер және балабақшалармен көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге қашықтықтан байқау жүргізіп, қызмет берушілер тарапынан бірқатар заң бұзушылықтарға жол берілгендігі анықталды.

Мәселен, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 19 маусымдағы № 254 бұйрығымен бекітілген Қағидалардың 22 тармағына сәйкес, балаларды мектепке, балабақшаларға қабылдау үшін тапсырлаған құжаттар, көрсетілетін қызметті берушімен құжаттар келіп түскен күні тіркеледі, сәйкестігіне тексеріледі және нәтижесін беруді қамтамасыз ету міндеттілігі көзделген.

Алайда, Департаментпен Көксу, Ескелді, Алакөл, Панфилов және Ақсу аудандарының аумағында орналасқан бірқатар мектептер мен балабақшаларда көрсетілетін мемлекеттік қызметтің тәртібін бұзу, яғни қызмет алушылардың өтініштерін уақытылы тіркелмеу түріндегі 62 факті анықталды.

Нәтижесінде, Департаментпен Жетісу облысы Білім басқармасына заңдылықтың бұзылуына әкеп соққан себептерді және оның салдарын жою туралы тиісті ұсыным хат жолданып, оны қарау қорытындысы бойынша 62 қызмет алушылардың өтініштерін тіркеу арқылы құқықтары қалпына келтірілді.

Меритократия - мемлекеттік қызметке қабылдау мен ілгерілеудің нақты қағидаты

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған Жолдауларында еліміздегі мемлекеттік аппараттың жоғары кәсіби жұмысының маңыздылығын бірнеше мәрте атап өтіп, мемлекеттік қызметке кіру және одан шығу рәсімдерін жеңілдету, бюрократияға жол бермеу, меритократия қағидатын ілгерілетуге қатысты жаңа міндеттер қойды.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2024 жылғы 17 шілдедегі №602 Жарлығына сәйкес, «Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметін дамытудың 2024-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасында» мемлекеттік қызметті дамыту қағидатының бірі – меритократия, яғни мемлекеттік қызметке іріктеу және қызметі бойынша ілгерілету сіңірген еңбегіне, құзыретіне және кәсіби дағдыларына негізделеді деп көрсетілген.

Бүгінгі күні еліміздің мемлекеттік басқару жүйесі меритократия қағидатына негізделген мемлекеттік қызметтің өзіндік үлгісін қалыптастыра алды.

Үміткерлер мемлекеттік қызметтегі өзінің кәсіби қызметін төменгі лауазымнан бастайды, ал олардың одан әрі ілгерілеуі тиісті саладағы еңбегі мен жұмыс тәжірибесін ескере отырып, конкурстық және құзыреттері негізінде жүзеге асырылады. Лайықты кадрларды іріктеу және мемлекеттік қызметшілердің жеке жетістіктері негізінде оларды әрі қарай кәсіби және мансаптық ілгерілету ішкі конкурстар және ауысу тәртібімен жүзеге асырылады. Негізі талап: мемлекеттік қызметшінің құзыреттілігі мен кәсіби дайындығының болуы.

Меритократия қағидатының іс жүзінде іске асырылуы мемлекеттік аппаратқа деген сенімділікті нығайтып, тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментімен мемлекеттік қызметшілердің жай-күйі туралы есептілігінің нәтижесіне сәйкес, меритократия қағидаты бойынша оларды тағайындаудың объективтілігіне тұрақты негізде мониторинг жүргізіледі.

Жетісу облысының жергілікті атқарушы органдарында 2024 жылдың 9 айы бойынша меритократия қағидатының сақталу деңгейі 73,3% құрайды. Яғни, ағымдағы жылы 90 лауазымға ішкі конкурс өтіп, 66 азамат ілгерілету арқылы жоғары лауазымдарға тағайындалды.

Бұл қағидат мемлекеттік қызметшінің жеке сіңірген еңбектері мен жетістіктерін мойындау, оны қабілеттері мен кәсіби даярлығына сәйкес мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету қағидатына негізделіп, ашықтық, жариялылық және әділдік принциптерімен ұштастырылған.

Бәсекеге қабілетті ел — барлық салада бәсекеге қабілетті мамандардан құрылады. Меритократия тең мүмкіндіктің және әділдіктің арқасында мемлекеттік қызметте қызмет баспалдағы бойынша қабілетті, білікті маманның жоғарылауына ықпал жасайды. Осы орайда, меритократия қағидатын уақыт талабына сай нығайту арқылы қабілетті қызметкерлерді шыңдауға, олардың кәсіби деңгейін арттыруға болады.

Меритократия қағидатын қолдану мемлекеттің өркендеуіне бағытталған жол, ал меритократия принциптерін нығайту мемлекеттік қызметшінің сіңірген еңбегін әділ бағалаудың мүмкіндігі болып табылады.

Б.ШАРИПОВА,

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері агенттігінің Жетісу облысы бойынша департаментінің Мемлекеттік қызмет басқармасының бас маманы.

Әбіләкім ағаның есімін жастайымыздан естіп өстік. Ауылдың шаңын жұтқан қарапайым отбасы перзентінің Қазақстанның Орталық Комитетінде қызмет атқаруы болам деген жасқа жігер бергені анық. Кейіннен ағамыз зейнеткешікқан соң үлкенді-кішілі басқосуларда көріп қалып, амандасып жүрдік. Ұлағатты әңгімелерін тыңдадық. Асып-саспайтын сырбаз қалпымен өткеннің өнегесінен сыр шертіп жүретін ақылман ақсақалымыз тоқсан жасқа толып отырғанда сол сыр-сұхбаттан көкейде қалған деректерді қағазға түсіргенді жөн көрдім.



Тоқсанның төріндегі ТАРЛАН ТҰЛҒА

Адамның физиологиялық ерекшеліктерін зерттеуші ғалымдар ақыл-ойы неғұрлым жоғары жандардың жастықтың белгілерін көбірек сақтайтынын анықтаған. Әбіләкім ағамыз сияқты жайсаң жандардың өз бойындағы жастығы мен күш-қуатын ұзағырақ сақтауы заңдылық деп есептеймін. Бұл кісі бойына табиғат сіңірген керемет қасиеттерді кәрілік атаулыға қарсы жұмсай білген болуы керек. Біз білетін Әбіләкім Әубәкірұлы айналасындағы адамдар туралы жаман ойдан аулақ. Өзгенің кемшілігіне «тырнақ астынан кір іздеп» шұқшия бермейді. Материалдық мүддені өмірлік мақсатқа айналдырмаған жан. Ең бастысы бұл адамның бойында адамзатқа күш беретін қуаныш атты даналық бар.

Қарт Балқаштың жағалауындағы Қарашыған ауылы тума таланттарды дүниеге әкелуімен қалың елге белгілі. Қазақ музыка өнерінің дара дарындарының бірі Мұқан Төлебаев бастаған таланттар туған өңірде бүгін 90 жастың төріне абыройлы көтерілген мемлекет және қоғам қайраткері, абыз ақсақалымыз, дербес зейнеткер Әбіләкім Әубәкірұлының есімінің аталуы заңды.

Мен осы қасиетті жердің тумаларының бірімін. Туып-өстік, тәлім-тәрбие, білім алдық, қызмет атқардық, ыстық-суығын көрдік. Өмір жолын туған жерім Мұқан Төлебаев атындағы орта мектептен бастап, аудандық комсомол комитетінің екінші, бірінші хатшысы қызметтерін атқардым. Аудандық партия комитетінің бюро мүшесі, аудандық атқару комитетінің депутаты болдым. Содан жол тартып, дәм бұйырып, Жаратушының қолдауымен Алматы қаласына Орталық комсомол комитетіне жауапты жұмысқа шақырылдым. Алматы облыстық партия комитетінде, 15 жылдан астам Орталық партия комитетінде жауапты қызметтер атқардым. Ұлы тұлға, қазақ халқының мақтанышы, біртуар, бірегейі Дінмұхамед Ахметұлы Қонаевпен бірге абыройлы қызмет атқардым,-дейді абыз ақсақал тоқсанның төрінен тіл қатып.

1934 жылы Бөрлітөбе ауданына қарасты Қарашыған елді мекенінде дүниеге келіп, 1951 жылы БЛКЖО-ның 30 жылдығы атындағы орта мектепті бітіргеннен кейін Алматы

педагогикалық шетел тілдері институтына түсіп ойдағыдай тәмамдаған Әбіләкім аға еңбек жолын өзі оқыған мектепте ұстаздықтан бастайды.

Ана жылдары туған өңіріне гастрольдік сапармен келген Қазақстанның халық әртісі Сара Тыныштығұловадан сұхбат алғанымда өнерге барар жолын туған мектебі нұсқағанын айтып, Әбіләкім ағаның есімін ерекше құрметпен атаған еді. Оқушы кезінде мектепте шет тілінен сабақ берген ұстазы Әбіләкім ағасы талантты сонау балауса кезінен танып, біршама ән үйретіпті. Соның бірі «Севастопольский вальс» әнін жігерлі дауыспен мектеп сахнасында орындап

екені көрініп тұратындығын ағамыз жиі есіне алады. Ауданды көп жылдар басқарған Әнуарбек Несіпбеков, екінші хатшы Валентин Павлович Копытин, идеология хатшысы Нұрмолда Батырбеков, атқару комитетінің төрағасы Шаймұхамед Сапиев ауданның абыройын асқақтатқан азаматтар болды. «Балқаш балықшысы» газетінің редакторы, кейіннен аудан, облыс прокуроры болған Есет Есболатов, атқару комитетінің бірінші орынбасары Бекен Боранбаев, аудандық халық сотының төрағасы Әбдімәжін Оспанов және басқалар адамгершілігі мен адалдығымен жас жігіттің қызмет бабында алға қадам басуына игі ықпал тигізгендігі рас. Осын-



жүрген ол Алматыға келіп, филармонияда сынақ тапсырғанда Жамал Омарованың жетекшілігімен осы әнді дайындап сын-сағаттан сүрінбей өткен болатын. Мұқан Төлебаев рухымен қанаттанып, Әбіләкімдей өнерді түсінетін ұстаздан бағыт-бағдар алып, өнер жолын қалағанын, әнімен әлемді шарлағанын Сара апайымыз мақтан тұтатын-ды.

Мектептегі барлық қоғамдық шаралардың басы-қасында жүретін Әбіләкім Әубәкірұлы 1958-1960 жылдары Бөрлітөбе аудандық комсомол комитетінің бастапқыда екінші, көп ұзамай бірінші хатшысы болып сайланды.

Сол жылдары аудан, ауыл азаматтарының сайдың тасындай, ісіне берік, адамгершіліктері мол, білімдері жоғары, біліктіліктері айқын

дай ағаларының қамқорлығымен жастар ұйытқысы болған Әбіләкім ағаның бастамасымен сол жылдары атқарылған ауқымды жұмыстарды бөрлітөбеліктер ұмытпай айтып жүретін.

Шағын ауданның шамшырағын жандырған жігерлі жастың есімі еленді. 1960 жылы Қазақстан Ленин комсомолы жастар одағының аппаратына шақырылып, осынау жастарға жігер беретін орталықта жетекші бөлімдерде қызмет атқарды. Білімді де білікті азамат бұдан соң Қазақ ССР-і Жоғарғы және орта арнаулы оқу министрлігінде, 1966-1969 жылдары Алматы облыстық партия комитетінде жауапты қызметтер атқарды.

Республикамыздың Орталық партия комитетіне шыңдалған, сыналған

принципті кадрлар шақырылатынды. Ағамыз алғашында барлық әріптестері сияқты үлкен үйдегі қызметін нұсқаушылықтан бастады. Тапсырылған жұмысты құмбыл атқаратын ісі тиянақты отызды енді еңсерген жігіт қызмет баспалдағында жоғарылап сектор меңгерушісі, шет елдермен байланыс бөлімі меңгерушісінің орынбасары, осы бөлімнің меңгерушісі қызметтерінде жүріп он бес жыл аралығында бірқатар жауапты жұмыстардың бел ортасынан көрінді. Республикалық деңгейде іргелі басқосулардың ұйымдастырушылары қатарынан табылды. Талдықорғанда педагогикалық институт ашыларда өңіріміз үшін қажетті оқу орнының алғышарттарын қамдастыратын комиссияның құрамында болды.

Кейінгі жылдары Қазақ ССР Оқу министрлігі мектептер Бас басқармасының бастығы болып, оқу министрлігінің коллегия мүшесі болған Әбіләкім Әубәкірұлының қазақ елінің оқу-ағарту ісіне қосқан үлесі қомақты. Ұзақ жылғы адал еңбегі ескеріліп, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген қайраткері, Қазақстан Республикасы халық ағарту ісінің озық қызметкері, Ы. Алтынсарин атындағы алтын медальдің иегері, республикалық дәрежедегі дербес зейнеткер атанды.

«Қаһарсыз ханда қасиет жоқ, өнегесіз биде өсиет жоқ», - дейді атам қазақ. Қызмет баспалдақтары биіктеген сайын Әбіләкім ағамыздың айналасына қамқорлығы, өнегесі еселене түсті. Жауапты қызметтерді атқара жүріп отбасылық бақытты бағалай білді, балаларына салт-дәстүрімізге сай ұлттық тәрбиені сіңіре білді. Соның нәтижесінде зайыбы Рая апамыз екеуі тәрбиелеп өсірген Роза,

24 қазан - **Кітапханашылар күні**

Кітап. Кітапхана. Кітапханашы!

Кітап – біздің рухани құндылығымыз, теңдессіз байлығымыз. Өткен замандардың тұңғық тереңінен сыр шертетін тарихты да, әдебиетті де, басқа ғылым кереметтерін де кітапханадан табамыз. Кітапхана – оқырман мен кітап арасындағы негізгі алтын көпір. Ал кітап пен кітапхананың тіршілігіне жан беретін, ұлттық құндылықтар мен оқырмандар арасын жалғастырушы – кітапханашылар. Қызығы мен қиындығы мол кітапханашы мамандығы туралы бір-ақ ауыз сөзбен жеткізу мүмкін емес, жұрт көп біле бермейтін, көп елене бермейтін, бірақ дүйім оқырманның кітап жайлы бағыт-бағдар алуы үшін жан –тәнімен беріліп қызмет атқарып жатқан кітапханашылардың еңбегі ұшан-теңіз.

Қасиетті кітаптарымызды олардың ішіндегі алтынға да айырбастауға келмейтін қазыналарымызды көздерінің қарашыңдай сақтап, насихаттап, ел игілігіне жаратып жүрген кітапханашылардың еңбегі орасан зор. Абыройлы мамандықтың қиындығы мен қызығын арқалап жүрген мамандық иелерінің болашақ саналы ұрпақты тәрбиелеу жолында сіңірген еңбегі ұшаң теңіз. Бүгінде адалдықтың ақ жүгін арқалаған кітапханашылардың айтулы мерекесі. Яғни қазан айының жиырма төртінші жұлдызы «Кітапханашылар күні» екендігі көпшілікке белгілі.

Жалпы, Сарқан ауданы бойынша 1 аудандық, 12 ауылдық кітапхана оқырмандарға қызмет көрсетеді. Қазіргі таңда кітапханада аудан бойынша 13723 оқырман болса, кітап қоры 149096, кітап берілімі 207304, ал келушілер саны 1403344 құрайды.

Кітапханада көптеген көпшілік іс – шаралар өткізіледі. Жыл бойы жүйелі түрде өткізілетін осынау шаралардың атын атасам: Ақпарат күні, Маман күні, Библиографиялық шолу, Кітап талқылау, Кітапханалық калейдоскоп, Поэтикалық марафон, Әдеби аукцион, Оқырман бенефисі,



Кітапхана дүниеде ештеңе теңестірілмейтін білім бұлағының көзі, ғасырдан-ғасырға адамзат тарихының құнды сырларын сүріндірмей әкеле жатқан шырағы биік, парасаттылық пен білімділіктің, біліктіліктің нағыз киелі ордасы. Кітапхана оқырман үшін үлкен өмір мен тәрбие мектебі. Сыры мол сырға толы сансыз жауабы табылмаған сұрақтың шешуін тапқан қайталанбас білім ошағы.

Ғасырдан жұмбақ ашқан талай кісі.

Сырың мол, мұра ғажап арайлысың.

Сан ұрпақ сусындаған кітапхана

Сарқылмас парасаттың сарайысың – деп ақын Ақұштап Бақтыгереева жырлағандай, кітап сүйер қауымның бұлағынан бастау алып, оқырмандарына қызмет ете бастаған кітапхана – бүгінде ғасырға жуық тарихы бар білімнің, елімізді, егемендігімізді танытатын рухани орда.

Кітапханалық акция, Буккроссинг, Флешбук, Әдеби лото, Әдеби визит, Әдеби кеш Сыр сандық, Әдеби караоке, Әдеби вернисаж, Әдеби аукцион, Библиофреш, Дивертисмент кеші, Сұхбат (интервью), Сұрақтар мен жауаптар кеші, Әдеби кеш, Саяхат ойын, Ойын, Портрет кеші; Оқырман кон-

ференциясы, Печа-Куча (Pecha Kucha), Кітапханалық open-air, Сторителлинг – әңгімелеу, Фанфикшн, Кітапханалық калейдоскоп, Поэтикалық марафон, Ми шабуыл, Кітапхана қорымен таныстыруға арналған «Кітапты тап!» ойыны, Библиошар Оқырман бенефисі, Кітапханалық акция,

Кітап талқылау, Сұрақтар мен жауаптар кеші, Саяхат ойын, Портрет кеші, Оқырман конференциясы, Библиографиялық шолу, Библиографиялық ойын, Тарихи круиз – тарихқа саяхат, Тич-ин – пікірталас, Тэйбл ток- дөңгелек үстел, Стори-тэйбл (Story-tabl) - дөңгелек үстел (тарихқа байланысты).

Ортақ істің ілгерілеуі жолында аудандық кітапхана қызметкерлері: кітапхана директоры Мухаметкалиева Гулнар, кітапхана әдіскері: Сейполдина Айсулу, кітапхана библиографы: Құлымбетова Лаура, кітапхана камплекаторы: Құрманбаева Мадина, кітапхана бағдарламашысы: Кажыкен Баян, оқырмандарға қызмет көрсету бөлімінің кітапханашысы: Омарова Алмагул, оқу залының кітапханашысы: Сабитова Айжан, Лепсі ауылдық кітапхана қызметкерлері: Қайржанова Мадина, Мукашева Әсел, Екіаша ауылдық кітапхана қызметкерлері: Идрис Назым, Ахметова Сайра, Қойлық ауылдық кітапхана қызметкерлері: Адамбаева Айна, Есенғалиева Бұлбұл, Көкжиде ауылдық кітапхана қызметкерлері: Тенизбаева Зулфия, Скакова Элмира, Көктерек ауылдық кітапхана қызметкері: Байбаракова Жансая, Пограничник ауылдық кітапхана қызметкерлері: Раймбекова Жанар, Мырзахметова Мейрамгүл, Бақалы ауылдық кітапхана қызметкері: Құрманбаева Сауле, Черкасск ауылдық кітапхана қызметкері: Ахметжанова Самал, Шатырбай ауылдық кітапхана қызметкері: Айтпосынова Раушан, М.Төлебаев ауылдық кітапхана қызметкері: Дюсембина Ақерке, Қарабөгет ауылдық кітапхана қызметкері: Насырова Жанаргүл, Алмалы ауылдық кітапхана қызметкері: Токжигитова Элмира сынды жандар қажырлы еңбек етуде.

Эстетикалық талғамы бай, ойы зерек, қиялы жүйрік, өзінің кәсіби шеберлігін шыңдаған, оқырмандарға білім мен қажетті ақпараттың тиімдісін демдеп беріп отырған, ой-өрісі кең, жан-жақты, білімді, парасатты кітапханашылардың қазақ қоғамында орны тым бөлек.

Айсулу СЕЙПОЛДИНА,
кітапхана әдіскері.

Семинар

Жуырда Аманбөктер ауылында «Тарих пәнін оқыту ерекшеліктері» атты аудандық семинар ұйымдастырылды.

Аманбөктер негізгі орта мектебі мұрындық болған семинар тарих пәнінің оқытылу сапасын арттыруда инновациялық әдіс-тәсілдерді тиімді қолдану, ауылдың тамырлы тарихымен таныстыру, толағай табыс көзі - туризмді дамыту сияқты нақты мақсаттарды көздеді.

Алдымен алыс - жақыннан келген қонақтар ауыл тарихынан сыр шертетін көрмені тамашалады. Ауқымды көрме ауылдағы білім шаңырағының өнегелі өткенін, тау етегіндегі таңбалы тастардың суретін, орта ғасырлық Қойлық қаласынан табылған жәдігерлерді, Черкасск қорғанысында қолданылған көне бұйымдарды, Мұхамеджан Тынышбаев, Кәкімжан Қазыбаев сынды біртуар тұлғалардың еңбектерін, «Жоңғар – Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің көрікті жерлері бейнелеген стендті қамтыды. Сондай - ақ талантты балалардың қолөнер шеберліктері де көрермендердің ыстық ықыласын тудырды.

Кездесуді Аманбөктер негізгі орта мектебінің директоры Жансерік Бөхөн кіріспе сөзбен ашып, ауқымды шараның мән - маңызына тоқталды. Сонымен қатар ауданымыздың ардагер тарихшыларына көпшілік алдында шапан, камзол жабылып, құрмет көрсетілді. Ұлағатты ұстаздарға жас ұрпақты оқыту мен тәрбиелеу ісіндегі табысты еңбегі үшін аудандық білім бөлімінің басшысы Гүлнар Серікбаеваның Алғыс хаты табыс етіліп, айрықша ықылас білдірілді.

Семинарға арнайы келген мейман, I.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Тарих және әлеуметтік-гуманитарлық пәндер кафедрасының оқытушы-әдіскері, PhD докторы Бекзат Қалиева мен Аманбөктер негізгі орта мектебі тарих пәнінің мұғалімі Жансерік Бөхөннің бірлескен туындылары «Өлкетану курсы. Сарқан ауданы (Қазақстан тарихы пәні негізінде)» атты



Жаңа әдіс-тәсілдер жетістікке жетелейді

оқу-әдістемелік нұсқаулығының тұсауы кесіп, көпшілікке таныстырылымы жасалды.

Бұдан соң тарих пәнінің магистрі Өнербек Хуанған мектепте тарих пәнін оқыту ерекшеліктеріне жан - жақты тоқталып, өз тәжірибесін ортаға салды. «Апатты жағдайда мектеп емес, оқушы тұрғандығын» тілге тиек еткен мұғалімнің озат оқушыны ортақ іске тарту, үлгерімі нашар шәкіртпен жұмыс, сабақ берудегі жаңашылдығы, соны әдіс-тәсілдерді пайдалануы әріптестерінің зор қызығушылығын тудырды.

Жетісу облысының Өңірлік коммуникациялар қызметінің продюсері,

Аманбөктер негізгі орта мектебінде өткен семинарды ауданымыздың тарих пәнінің мұғалімдері үшін нәтижеге бағытталған, мақсатына жеткен деп айтуға толық негіз бар. Үйреніп жүріп үйрететін ұстаздарымыздың әдістемелік қоржынына салары мол болды. Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен демекші өз білгендерін ортаға салған әріптестерімізден үйренеріміз көп болды. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз!

Рүстем ИДРИСОВ,
Алмалы орта мектебінің тарих пәнінің мұғалімі.

баспасөз хатшысы Данияр Жаныс еліміздегі әлеуметтік желілердің даму барысы, олардың артықшылықтары мен кемшіліктері турасында сөз қозғады. Ауыл туризмін дамыту, шекара маңындағы тұрғылықты халықтың санын көбейту мәселесі де жиналғандар тарапынан талқыланды.

Алмалы орта мектебі тарих пәнінің мұғалімі Рүстем Идрисов "Тарихи ескерткіштердің ұлттық құндылықты дәріптеудегі рөлінің маңыздылығы" атауы аясындағы баяндамасында өңіріміздегі мәдени, тарихи нысандар турасында мол мағлұмат беріп, оларды сабақ барысында тиімді қолданудың жолдарымен бөлісті.

Шара барысында тарих пәнімен байланысты түрлі танымдық ойындар, тренингтер ойнатылып, кері байланыс жасалды.

Жиын соңында қатысушылар өз ойларын ортаға салып, шараның тарих пәнін оқыту ерекшеліктерін



айқындаудағы, тиімді жолдарын ұсынудағы маңыздылығын атап өтті.

Шара меймандары өзара тәжірибе алмасуға, сала мамандарының кәсіби өсуіне қолайлы жағдай жасаған ұйымдастырушыларға алғыс білдірді. Жаттанды, жалаң ұраннан ада, тағылымды, жаңашылдыққа толы шараға қатысушылар аталмыш басқосулар жиі ұйымдастырылса деген ұсыныстарын білдірді. Түстен кейін семинар қатысушылары Таңбалы тасқа саяхат жасап, көне дәуірдің құпияларына үңілді.

Партия ЖЕҢІСХАН.

ҚАЗАҚТЫҢ ҰЛТТЫҚ ОЙЫНДАРЫ АРҚЫЛЫ БАЛАЛАРДЫҢ БАЙЛАНЫСТЫРЫП СӨЙЛЕУІН ДАМУЫ

Қазақтың ұлттық ойындары – халықтың мәдениеті мен тұрмыс-тіршілігінен туындаған ерекше құбылыстардың бірі. Бұл ойындар тек қана көңіл көтеру мақсатында емес, сонымен қатар балалардың ой-өрісін кеңейту, тіл байлығын арттыру, сөйлеу дағдыларын қалыптастыру мақсатында да қолданылады. Қазіргі уақытта балалардың байланыстырып сөйлеуін дамытуда ұлттық ойындардың ролі зор. Олар балаға өз халқының мәдени мұрасын, ұлттық құндылықтарын түсінуге және бағалауға мүмкіндік береді.

Ұлттық ойындар арқылы балалардың тілін дамыту бірнеше бағытта жүзеге асырылады. Біріншіден, ойындар балалардың сөздік қорын байытады. Ойын барысында балалар жаңа сөздерді үйреніп, оларды сөйлеу барысында қолдануға машықтанады. Мысалы, «Тоғысқан тас» ойынын ойнау барысында балалар әртүрлі тас түрлерінің атауларын және олардың сипаттамаларын біліп, оларды

сөйлеу барысында қолдануды үйренеді. Бұл ойындар балаларға жаңа сөздерді тез меңгеруге және оларды күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

Екіншіден, ұлттық ойындар балалардың байланыстырып сөйлеу қабілетін дамытады. Ойын кезінде балалар бір-бірімен әңгімелесіп, пікір алмасады, талқылайды. Мысалы, «Қыз қуу» ойынын ойнағаннан кейін балалар бір-бірімен ойында болған жағдайларды талқылап, өз пікірлерін білдіреді. Мұндай әңгімелер балалардың тіл байлығын арттырып, сөйлеу дағдыларын қалыптастырады. Балалар өз ойларын еркін жеткізе білуге, логикалық тұрғыдан ойлауға, сөйлемдерді дұрыс құрастыруға үйренеді.

Үшіншіден, ұлттық ойындар балалардың шығармашылық қабілетін дамытады. Ойындар арқылы балалар өз қиялдарын іске қосып, әртүрлі рөлдерде ойнай алады. Бұл олардың шығармашылық қабілеттерін арттырып, сөйлеу, әңгімелеу шеберлігін дамытуға септігін тигізеді. Мысалы, «Алтыбақан» ойынын ойнау барысында балалар әртүрлі рөлдерге еніп, өз кейіпкерлерін ойлап табады және оларды сипаттайды.

Төртіншіден, ұлттық ойындар

балалардың эмоционалды дамуына ықпал етеді. Ойындар барысында балалар әртүрлі эмоцияларды сезінеді, оларды дұрыс жеткізуге үйренеді. Бұл балалардың эмоционалды интеллектісін арттырып, олардың тіл арқылы сезімдерін жеткізу қабілетін дамытады.

Қазақтың ұлттық ойындары балалардың физикалық және психологиялық дамуына да ықпал етеді. Мысалы, «Асық ату», «Теңге ілу», «Көкпар», «Бәйге» секілді ойындар баланың физикалық даярлығын арттырып қана қоймай, оның ойлау қабілетін, есте сақтау, зейін қою, жылдам шешім қабылдау секілді психологиялық қасиеттерін де дамытады. Бұл ойындар балалардың жалпы дамуына кешенді ықпал етеді.

Сонымен қатар, ұлттық ойындар балалардың әлеуметтік дағдыларын қалыптастыруға көмектеседі. Ойындар барысында балалар бір-бірімен қарым-қатынас жасап, топта жұмыс істеуді үйренеді. Бұл олардың әлеуметтік дамуына ықпал етіп, қоғамда дұрыс орын табуға көмектеседі.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық ойындары балалардың байланысты-



рып сөйлеуін дамытуда маңызды рөл атқарады. Олар баланың тіл дамуына, ой-өрісінің кеңеюіне, ұлттық құндылықтарды тануына ықпал етеді. Сол себепті, бұл ойындарды балабақшада, мектепте, үйде кеңінен қолдану – бала тәрбиесіндегі маңызды қадамдардың бірі. Ойындардың көмегімен балалар тілдік дағдыларын дамытып қана қоймай, сонымен қатар ұлттық мәдениет пен дәстүрді құрметтеуді үйренеді. Бұл олардың болашақта саналы, тілге бай, мәдениетті тұлға болып қалыптасуына ықпал етеді.

Ж.БАЙҒАНЫШЕВА,
«Балдырған» санаторлық бөбекжай бақшасының логопеді.

Спорт



Фрироуп - спорттық туризм жарысы

Черкасск ауылдық округіне қарасты М. Тынышбаев атындағы орта мектебінде туризм саласын дамыту мақсатында, мұғалімдер арасында "Фрироуп" атты спорттық туризм бойынша жарыс ұйымдастырылды. Жарысқа мұғалімдер белсенді қатысып, туризм спортына қызығушылықтарын кеңінен көрсетті. Жарыс қызықты және тартысты өтті.

Фрироуп — жаңадан шыққан жас спорт түрі. Спорт ережесі бойынша аспалы кедергілерден өту, аяқ жерге тимеу керек. Бұл жерде спорт пен экстрим бірге қосылған, элементтері де күрделі болады. Арқандар, карабиндер және басқа спорттық туризмде пайдаланылатын құрал-жабдықтар қолданылады.

Жарыстың бірнеше түрлері болады. Бірінші түрі- "Спорттық жарыс" Этаптары: Аспалы өткел (маятник вертикальды) бөрененен жүгіріп өту, параллельді өткелден өту, сазды жерден шоқалақтардан өту, медициналық көмек (жарақат алған адамды тасымалдау). Екінші түрі- "Кулинарлық байқау". Ереже бойынша әрбір команда туристық жорыққа қажет азық-түліктер дайындап көрсетеді және қорғайды. Үшінші түрі- "Музыкалық байқау". Әрбір команда туристың тақырыбы бойынша музыкалық номерлар дайындап, сайысқа түсті. Төртінші түрі-Туристық тақырыбы бойынша сурет байқауы өткізілді. Ереже бойынша команда мүшелері сурет салды (қабырға газеті).

Жарыс қорытындысы бойынша командалар келесі нәтиже көрсетті: "Каргалинка" командасы I орынға, "Жұлдыз" командасы II орынға, ал "Олимп" командасы III орынға ие болды. Жеңімпаздар грамота, медальдармен марапатталды.

А.ДЖУМАКАНОВ,
Черкасск а/о.

Спорт - нашақорлыққа қарсы

2024 жылдың 14 қазан күні "Спорт - нашақорлыққа қарсы" тақырыбы аясында Әл-Фараби атындағы орта мектебінің оқушылары арасында ауылдың жастары арасында бұқаралық спортты дамыту, ауыл жастарының бос уақытын тиімді пайдалану, ауыл жастарын спортқа тәрбиелеу, салауатты өмір салтына қызығушылық пен сүйіспеншілікке баулу, ауылдың жастары арасындағы жақсы қарым-қатынасты нығайту мақсатында волейболдан ауыл біріншілігі өтті.



Жарыста денешынықтыру пәні мұғалімі Азамат Орынбай сөз сөйлеп спортшыларға сәттілік тіледі.

Волейбол ойынының қозғалысы адам баласына аса пайдалы жүгіру, жүру, секіру, лақтыру т.б. жаттығулардан тұрады. Адамның барлық қабілет-қасиетін қалыптастыратын ойынды он жасар баладан бастап қай жаста болмасын ойнай береді. Сондықтан да, волейбол дене тәрбиесі пәні жаттығуларының бірі ретінде ең тиімді де ағзаға пайдалысы болып табылады. Ойын барысында нақты қозғалыс нәтижесінде ең бастысы адамның координациясы қалыптасады. Шабуылдау кезінде допты қарсыласының алаңына дәл түсіру, болмаса допты әріптесіне дәл бере білу, допты қарсыласының алаңына алдап тастау жаттығулары қозғалыс барысында нақтылы орындалады.

Жарас АМИРГАЛИЕВ,
Қарабөгет а/о спорт нұсқаушысы.

Тартысты ойын өрнегі

Ағымдағы жылдың қазан айының 16-сы күні Ерікті орта мектебінде "Спорт нашақорлыққа қарсы" тақырыбы аясында 5-6 сынып оқушылары ұлдар және қыздар арасында баскетболдан аймақтық турнир ұйымдастырылды.

Шарамыздың мақсаты өскелең ұрпақ зиянды заттардан аулақ болуға шақыру, салауатты өмір сал-

тын ұстап, уақытын тиімді өткізіп, спортпен шұғылдану. Спортшылар жақсы тартысты ойын көрсетіп жарыс жеңімпаздары анықталды. Жарыс нәтижесі

Жарыс нәтижесінде ұлдар арасында 1 орынды М.Төлебаев орта мектебі, 2 орынды 54 орта мектебі, 3 орын К.Д.Ушинский атындағы орта мектебі, қыздар арасында 1 орынды К.Д.Ушинский орта мектебі, 2



орынды Ерікті орта мектебі, 3 орын М.Төлебаев атындағы орта мектеп жеңіп алды.

А. БЕГІМБАЙ,
Лепсі а/о спорт нұсқаушысы.

АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТТЫҢ ШЕШІМІ

Сарқан ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағына сәйкес Сарқан аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Сарқан ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде төлем көзінен ұсталатын салықтарды қоспағанда, корпоративтік немесе жеке табыс салығының мөлшерлемесінің мөлшері салықтық кезеңінде алынған (алынуға жататын) кірістер бойынша 4 (төрт) пайыздан 3 (үш) пайызға төмендетіледі.

2. «Сарқан ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 194756 болып тіркелген) Сарқан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 20 наурыздағы № 21-90 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Мәслихат төрағасы

Аты жөні

«Сарқан ауданында бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы»
Сарқан аудандық мәслихаты шешімінің жобасына
ТҮСІНДІРМЕ ЖАЗБА

№/п/п	Түсіндірме жазбада көрініс табуы қажет мәліметтер тізбесі	Өзіндік тұлғалар – мемлекеттік органдары
1.	Жобаны әзірлеуші - мемлекеттік орган	«Сарқан ауданының әкімшілік бөлімі» ММ-сі
2.	Жобаны қабылдау қажеттілігінің негіздемесі	«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасы Кодексінің (Салық кодексі) 696-3-бабының 5-тармағы
3.	Жоба бойынша қаржы шығындарының қажеттігі және оның қаржылық қамтамасыз етілуі, оның ішінде қаржыландыру көзі, сондай-ақ қажет болған жағдайда Респу. б. бюджет комиссиясының шешімі (тіпті есеп-қисаптар, қаржыландыру көзіне сілтеме, Респу. б. бюджет комиссиясы шешімінің көшірмесі міндетті түрде түсіндірме жазбаға қосылады)	Жоба бойынша қаржы шығындары талап етілмейді.
4.	Жоба қабылданған жағдайда болжалынған әлеуметтік-экономикалық, құқықтық және (немесе) өзге салдар, сондай-ақ жоба ережелерінің ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге ықпалы	Жобаны қабылдау болжалынған әлеуметтік-экономикалық және/немесе құқықтық зардаптары әлсіз болып қалмақ.
5.	Нақты мақсаттар мен күтілетін нәтижелердің мерзімдері	Шешім 2025 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс
6.	Жобадан қаралатын мәселелер бойынша бұрын қабылданған актілері және олардың іске асырылу нәтижелері туралы мәліметтер	Сарқан аудандық мәслихатының 2024 жылғы 19 наурыздағы №26-1 «Сарқан ауданы бойынша бөлшек салықтың арнаулы салық режимін қолдану кезінде салық мөлшерлемесінің мөлшерін төмендету туралы» шешімі

№/п/п	Түсіндірме жазбада көрініс табуы қажет мәліметтер тізбесі	Өзіндік тұлғалар – мемлекеттік органдары
7.	Түсіндірме жазба қабылданған жағдайда шаршамауы оған сәйкес келтіру қажеттігі (басқа нормативтік құқықтық актілерді қабылдау немесе қолданыстағы актілерге өзгерістер енгізу/өзгертудің қажеттігі) не оңай қажеттілігі болуы	Қажет етпейді
8.	Нормативтік құқықтық актінің жобаның мемлекеттік органдары интернет-ресурсында, сондай-ақ ашақ нормативтік құқықтық актілердің интернет-порталында орналастыру туралы акпарат (күші, бейт сапсы)	18.10.2024
9.	Әлеуметтік шығын бір нормативтік құқықтық актінің жобасына түсіндірме жазбаны ұсынуға мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарында орналастыру туралы акпарат	-
10.	Нормативтік құқықтық акті жобаның Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары және Қазақстан Республикасы қолдаушы болып табылатын халықаралық ұйымдардың шешімдеріне сәйкестігі	-
11.	Нормативтік құқықтық акті жобаның қолданысқа енгізілуіне байланысты жеке кәсіпкерлік субъектілері шығыншың азаюы және (немесе) ұлғаямын растайтын есеп-қисаптар нәтижелері	Қажет етпейді

Сарқан аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысының м.а. А. Кудабаяв

АУДАН ӘКІМДІГІНІҢ ҚАУЛЫСЫ

Сарқан ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 31-бабы, 1-тармағының 4-2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 27 наурыздағы №264 «Ішкі сауда қағидаларын бекіту туралы» (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №11148 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес, Сарқан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Сарқан ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары осы қаулының қосымшасына сәйкес айқындалсын және бекітілсін.

2. Сарқан ауданы әкімдігінің «Сарқан ауданының аумағында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындарын айқындау және бекіту туралы» 2023 жылғы 26 қыркүйек № 325 қаулысының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Сарқан ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Лауазымы

Аты жөні

ҚОСЫМША

Сарқан ауданында стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары

№	Стационарлық емес сауда объектілерін орналастыру орындары	Алып жатқан алаштың шаршы метр	Жақын орналасқан инфрақұрылым (дәке сауда объектілері, сондай-ақ қолдануға тамақтану объектілері)	Қызмет саласы	Сауда қызметін жүзеге асыру кезеңі, жыл
1.	Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, К. Буашев көшесі мен Пушкин көшесінің қиылысында	180	«Сайман» дүкені	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларын саудалау	5
2.	Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі мен Пушкин көшесінің қиылысында	139	«Ет павильоны»	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларын саудалау	5
3.	Сарқан ауданы, Сарқан қаласы, М. Әуезов көшесі мен Пушкин көшесінің қиылысында	346	«Ет павильоны»	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларын саудалау	5
4.	Сарқан ауданы, Қойлық ауылы, Макетов көшесі № 166 үйге қарама-қарсы	100	«Ақнұр» дүкені	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларын саудалау	5
5.	Сарқан ауданы, Қойлық ауылы, Макетов көшесі № 166 үйге қарама-қарсы	175	«Ақнұр» дүкені	Азық-түлік және азық-түлік емес тауарларын саудалау	5

ПОСТАНОВЛЕНИЕ РАЙОННОГО МАСЛИХАТА

О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога в Сарканском районе

В соответствии с пунктом 5 статьи 696-3 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс), маслихат Сарканского района РЕШИЛ:

1. Понизить размер ставки корпоративного или индивидуального подоходного налога, за исключением налогов, удерживаемых у источника выплаты, при применении специального налогового режима розничного налога в Сарканском районе с 4 (четырёх) на 3 (три) процента по доходам, полученным (подлежащим получению) за налоговый период.

2. Признать утратившим силу решение Сарканского районного маслихата «О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога по Сарканскому району» от 20 марта 2024 года № 21-90 (зарегистрирован в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов под № 194756).

3. Настоящее решение вводится в действие с 1 января 2025 года и подлежит официальному опубликованию.

Председатель маслихата

Ф.И.О

ПОЯСНИТЕЛЬНАЯ ЗАПИСКА

к проекту решения маслихата Сарканского района «О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога в Сарканском районе»

№ п/п	Перечень сведений, которые должны быть отражены в пояснительной записке	Информация государственного органа-разработчика
1.	Государственный орган- разработчик проекта	ГУ «Отдел предпринимательства Сарканского района»
2.	Обоснование необходимости принятия проекта	пункт 5 статьи 696-3 Кодекса Республики Казахстан «О налогах и других обязательных платежах в бюджет» (Налоговый кодекс)
3.	Необходимость финансовых затрат по проекту нормативного правового акта и его финансовая обеспеченность, в том числе источник финансирования, а также в случае необходимости – решение Республиканской бюджетной комиссии (соответствующие расчеты, ссылка на источник финансирования, копия решения Республиканской бюджетной комиссии в обязательном порядке прикладываются к пояснительной записке).	Не требует финансовых затрат.
4.	Предлагаемые социально-экономические, правовые и (или) иные последствия в случае принятия проекта нормативного правового акта, а также влияние положений проекта нормативного правового акта на обеспечение национальной безопасности	Принятие проекта не приводит к негативным социальным, экономическим и правовым последствиям.
5.	Конкретные цели и сроки ожидаемых результатов.	решение вводится в действие 1 января 2025 года и подлежит официальному опубликованию
6.	Сведения об актах, принятых ранее по вопросам, рассматриваемым в проекте нормативного правового акта, и результатах их реализации.	решение маслихата Сарканского района от 19 марта 2024 года №26-1 «О понижении размера ставки налогов при применении специального налогового режима розничного налога по Сарканскому району»
7.	Необходимость приведения законодательства в соответствие с внесенным проектом нормативного	Отсутствует.

№ п/п	Сведения о правовом акте в случае его принятия (указать требуется ли принятие других правовых актов или внесение поправок/изменений в действующий закон) либо отсутствие такой необходимости.	Дата, копировать байт
8.	Информация о размещении проекта нормативного правового акта на интернет-ресурсе государственного органа, а также интернет-портале открытых нормативных правовых актов (дата, копировать байт)	18.10.2024
9.	Информация о размещении проекта к проекту нормативного правового акта, являющемуся значимым, на интернет-ресурсах уполномоченных государственных органов	-
10.	Соответствие проекта нормативного правового акта международным договорам, ратифицированным Республикой Казахстан, и решениям международных организаций, участницей которых является Республика Казахстан	-
11.	Исполнение затрат субъектов частного предпринимательства в связи с введением в действие проекта нормативного правового акта	Не требуется

И.о. руководителя ГУ «Отдел предпринимательства Сарканского района» А. Кудабаяв

ПОСТАНОВЛЕНИЕ РАЙОННОГО АКИМАТА

Об определении и утверждении мест размещения нестационарных торговых объектов в Сарканском районе

В соответствии с подпунктом 4-2) пункта 1 статьи 31 Закона Республики Казахстан «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан», приказом исполняющего обязанности Министра национальной экономики Республики Казахстан от 27 марта 2015 года № 264 «Об утверждении Правил внутренней торговли» (зарегистрировано в Реестре государственной регистрации нормативных правовых актов за №11148), акимат Сарканского района ПОСТАНОВЛЯЕТ:

1. Определить и утвердить места размещения нестационарных торговых объектов в Сарканском районе согласно приложению к настоящему постановлению.

2. Признать утратившим силу постановления акимата Сарканского района от 26 сентября 2023 года № 325 «Об определении и утверждении мест размещения нестационарных торговых объектов на территории Сарканского района».

3. Контроль за исполнением настоящего постановления возложить на курирующего заместителя акима Сарканского района.

4. Настоящее постановление вводится в действие по истечении десяти календарных дней после дня его первого официального опубликования.

Должность

ФИО

приложение

Места размещения нестационарных торговых объектов в Сарканском районе

№	Места размещения нестационарных торговых объектов	Занимаемая площадь, квадратный метр	Ближайшая инфраструктура (торговые объекты, в которых реализуется схожий ассортимент товаров, а также объекты общественного питания)	Сфера деятельности	Период осуществления торговой деятельности, лет
1.	Сарканский район, город Сарқан, по пересечению улиц К. Буашева и улицы А. Пушкина	180	магазин «Сайман»	Торговля продовольственными и непродовольственными товарами	5
2.	Сарканский район, город Сарқан, по пересечению улиц М. Ауэзова и улицы А. Пушкина	139	мясной павильон	Торговля продовольственными и непродовольственными товарами	5
3.	Сарканский район, город Сарқан, по пересечению улиц М. Ауэзова и улицы А. Пушкина	346	мясной павильон	Торговля продовольственными и непродовольственными товарами	5
4.	Сарканский район, село Койлық, улица Макетова, дом № 166 протопопозный	100	магазин «Ақнұр»	Торговля продовольственными и непродовольственными товарами	5
5.	Сарканский район, село Койлық, улица Макетова, дом № 166 протопопозный	175	магазин «Ақнұр»	Торговля продовольственными и непродовольственными товарами	5



Құз

Қалқаман САРИН

Күңіренген, күрсінген күздің ауыр,
Мінезіне үйренген біздің ауыл.
Бұйра шаңын көтеріп қырат - қырдың,
Берекесін бір сәтте бұзды дауыл.

Жаңа мезгіл желбіреп жалауы тік,
Жаулап алды жер бетін қалауы ұтып.
Жылы өлкенің жамалын жасқа шылап,
Қара аспанның көзі тұр қарауытып.

Жанарымда жабырқап жаз жылады,
Жылағаны емес пе, қаздың әні?!
Қайран менің жүрегім, қайтқан құстың,
Қанатынан үзілген сазды ұғады.

Жадыраған жаздың да күйі осал тым,
Мезгілі өтті. Құс жүдеу, ұя салқын.
...Күздің жырын жазады бір Құдірет,
Бір ғажайып қаламмен сиясы алтын.



Сен туған күн, мерекелімен!

Қымбатты Үміт Қожаханқызы! Жүйрік уақыттың ұшқыр қанаты Сізді мағыналы ғұмырыңыздың биік бір белесі – 70 жасқа алып жетті. Адамның азан шақырып қойған есімі оның ғұмырында ерекше маңызы болатыны рас екен. Ата-анаңыздың үмітін ақтадыңыз!

Шоқтығы биік Үміт үшін ең үлкен марапат – сыйластарының алғысы, әріптестердің ілтипаты, халықтың ықыласы. Мерейлі жасыңыз құтты болсын! Кейінгі ұрпаққа, жастарға еңбек жолыңыз үлгі-өнеге. Шыққан биігіңіз аласармасын!

Сіз осы кемелдікке тың жігер, жарқын көңілмен келіп отырсыз. Осынау жылдар ішінде өмірдің талай белестерінен табысты өтіп, бүгінде өркен жайған алып бәйтеректей үлкен бір әулеттің ақылшы тірегі, арқа сүйері болып отырсыз. Сіз кезінде білім саласының өркендеуіне барынша үлес қостыңыз.

Қазір көпшілікке сыйлы ардагер зейнеткерсіз. ҚР Білім беру ісінің үздігі, Ы.Алтынсарин төсбелгілері мен "Еңбек адамы" медалінің иегерісіз. Аудан ардагерлерінің еңбегін дәріптеген екі естелік кітаптың авторысыз!

Біз сізді жүрегімізбен жарқылдай қуана отырып құттықтап, мерейлі күні Сізге денсаулығыңыз күйлі-қуатты, ғұмырыңыз ұзағынан, көрер қуанышыңыз молынан болсын деп тілейміз! Мерейіңіз үстем, қадір-қасиетіңіз зор болсын!



Құрметпен достарыңыз.

ХАБАРЛАНДЫРУ

► Көлемі 18 сотық коммерциялық жер сатылады. Құжаттары дайын. Сарқан қаласында орталықтан қашық емес, бизнес жүргізуге қолайлы жерде, Абай мен Пушкин көшелерінің қиылысында орналасқан. 12 қанатты үлкен қазақ үй және 8 қанатты кіші қазақ үй, 30 шаршы метрлі тапшандар, 40 шаршы метрлі беседка, әжетханасы бар.

Қасында үйі де бар. Екі жерге тартылған суы, көлік тұрағы, түгелдей қоршалған жер жазда кәсіп ашуға немесе дүкен салуға өте ыңғайлы. Бағасы 20 млн теңге, келісім бар. Мына телефондарға хабарласыңыздар: 8702 1945120, 8777 3742851, 87018513026.

► 2024 жылы қайтыс болған Зубков Артем Сергеевичтің атына жеке нотариус Алиева Асем Избасаровна мұрагерлік іс ашылғандығы туралы хабарлайды. Мұра қалдырушының қайтыс болған күнінен бастап санағанда 6 ай мерзім ішінде мұрагерлер нотариусқа өтініштерін тапсырулары қажет.

► Открылось наследство после смерти Прудникова Анатолия Александровича, умершего 01 января 2024 года. Наследникам обращаться к нотариусу Ерболаеву А.А., область Жетісу, Сарканский район, город Саркан, улица Тауелсіздік, дом №100, квартира №16. Тел. +7778 6589848.

ХАБАРЛАНДЫРУ

"Zhol Service KZ" ЖШС "Лепсинское кен орнының құрылыс тасын өндіру жөніндегі тау-кен жұмыстарының жоспарына эмиссияларға рұқсат беру үшін нормативтік құжаттар" бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өткізілетіні туралы хабарлайды.

Өтетін орны: Жетісу облысы, Сарқан ауданы, Лепсинская П. а., Лепсы к., М. Төлебаев к-сі, з.1. әкім аппараты.

Өтетін күні мен уақыты: 2024 жылғы 27 қараша сағат 15:00-де.

Конференцияға қосылу <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWvJGRa3.1&omn=72628812465>. Конференция идентификаторы: 347 082 8229. Кіру коды: 123456.

Қоғамдық тыңдауларға шығарылатын материалдармен бірыңғай экологиялық порталда танысуға болады esportal.kz, сондай-ақ "Жетісу облысының Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы" ММ Жергілікті атқарушы органының сайтында, мекенжайы: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, № 26. e-mail: 7su_expertiza@mail.ru "қоғамдық тыңдаулар" бөлімінде.

Бастамашысы: "Zhol Service KZ" ЖШС, мекен-жайы: Алматы қ., Қыз Жібек к-сі, 117. БСН 191140028766, тел. +7-777-800-8001, Email: zhol-kz@mail.ru.

Жобаның орындаушысы: ЖК Дробот М.В., Астана қ., Пушкин к-сі, 15 үй, 17 пәтер. тел. +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

"Zhol Service KZ" ЖШС барлық ниет білдірушілерді қоғамдық тыңдауларға қатысуға шақырады. Барлық мүдделі тұлғалар өздерінің ескертулері мен ұсыныстарын электрондық поштаға жіберу арқылы енгізе алады: borohova2014@mail.ru, 7su_expertiza@mail.ru, барлық сұрақтар бойынша мына телефондарға хабарласуға болады: +77787419151.

Географиялық координаттары: ендік: 45°18' 58"С, бойлық: 78°35' 22" в.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

ТОО «Zhol Service KZ» объявляет о проведении общественных слушаний в форме открытого собрания по «Нормативные документы для разрешения на эмиссии к Планы горных работ по добыче строительного камня месторождения Лепсинское».

Место проведения: область Жетісу, Сарканский район, Лепсинская п.а., п.Лепсы, ул.М.Төлебаев, зд.1, аппарат акима.

Дата и время проведения: 27 ноября 2024 года в 15:00.

Подключиться к конференции <https://us04web.zoom.us/j/3470828229?pwd=oq4hqbdJMDjdTK44WxtuGMUWvJGRa3.1&omn=72628812465>. Идентификатор конференции: 347 082 8229. Код доступа: 123456.

С материалами, выносимыми на общественные слушания, можно ознакомиться на Едином экологическом портале esportal.kz, а также на сайте Местного Исполнительного Органа ГУ «Управление природных ресурсов и регулирования природопользования области Жетісу», адрес: город Талдықорған, улица Кабанбай Батыра, № 26. e-mail: 7su_expertiza@mail.ru в разделе «Общественные слушания».

Инициатор: ТОО «Zhol Service KZ», адрес: г. Алматы, ул.Кыз Жибек, 117. БИН 191140028766, тел. +7-777-800-8001, Email: zhol-kz@mail.ru.

Исполнитель проекта: ИП Дробот М.В., г. Астана, ул.Пушкина, дом 15, квартира 17. тел. +77787419151. Email: borohova2014@mail.ru.

ТОО «Zhol Service KZ» приглашает всех желающих принять участие в общественных слушаниях. Все заинтересованные лица могут внести свои замечания и предложения, отправив их на электронную почту: borohova2014@mail.ru, 7su_expertiza@mail.ru. По всем вопросам обращаться по телефонам: +77787419151.

Географические координаты: Широта: 45°18'58"С, Долгота: 78°35'22"В.